
 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2024 жылғы «29»  №1 редакция	Е 029.М.04-16.08.01-2024

**«Сан қырлы Сәтбаев» жалпы республикалық Қ.И.Сәтбаев атындағы
мектеп оқушылары арасындағы байқау туралы**

ЕРЕЖЕ

Е 029.М.04-16.08.01-2024

Е 029.М.04-08.01-2024	«Сан кырлы Сәтбаев» жалпы республикалық Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп оқушылары арасындағы байқау	7 беттің 3-беті
-----------------------	---	-----------------

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Өткізу мақсаттары мен міндеттері	4
3 Өткізу тәртібі	4
4 Тапсырмалардың мазмұны және қатысушыларға қойылатын талаптар	5
5 Қорытындылау және марапаттау	5
6 Қорытынды ережелер	6
Өзгерістерді тіркеу парағы	7

1 Жалпы ережелер

1.1 «Сан қырлы Сәтбаев» жалпы республикалық жастар Байқауы (бұдан әрі – Байқау) өткізу туралы осы Ереже оның өмірі мен ғалымның қызметі туралы үздік тарихи-публицистикалық және ғылыми-танымдық шығармалар мен бейнероликтерге конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларын, оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, конкурсқа қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айқындау қағидаларын, ал сондай-ақ конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің құқықтарын да айқындайды. Байқаудың ұйымдастырушысы - Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің (бұдан әрі - Университет) тарихи мұражайы болып табылады. Байқауға қатысушылар Қ.И.Сәтбаев атындағы жалпы білім беру мекемелерінің, лицейлердің, гимназиялардың, мектептердің 9-11 сынып оқушылары қатысады.

1.2 Байқаудың жұмыс тілі – мемлекеттік тіл болып табылады.

2 Өткізу мақсаттары мен міндеттері

2.1 Байқауды өткізудің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- өз білімін, ақыл-ойының икемділігін, ойлау жылдамдығын көрсете алатын және ең жақсы зияткерлік қасиеттерін көрсете алатын жас таланттарды іздеу;
- ең талантты оқушыларды тарту;
- оқушылардың кәсіби және шығармашылық талантын дамыту;
- дарынды оқушыларды қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

3 Өткізу тәртібі

3.1 Байқау ұйымдастырушылары Тарихи мұражай жұмыскерлерінен құралады, Байқаудың қазылар алқасының құрамы профессор-оқытушыларымен жұмыскерлерінен құралады.

3.2 Байқау ұйымдастырушылары:

- барлық кезеңдердің сұрақтар тізбесін, Байқаудың басталу және аяқталу уақытын, финал күнін, финалистер санын анықтайды;
- тиісті ақпараттық хабарлама дайындайды;
- финалды ұйымдастыру бойынша Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс жүргізеді;
- Байқау сметасын жасауды және демеушілерді іздеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- Байқаудың қазылар алқасының құрамын келіседі;
- апелляциялар туындаған жағдайда оларды қарайды;

- қорытындыларды жалпылайды;
- Байқауды өткізу, оның мерзімі және бағдарламаның мазмұны туралы ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізеді, Университеттің қоғаммен байланыс орталығымен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарында Байқау барысы мен оның нәтижелерін жариялау үшін материалдар дайындайды.

3.3 Қазылар алқасының құрамын Басқарма мүшесі - әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор бекітеді. Байқау қазылар алқасының функциялары:

- Байқауға қатысушылар үшін тапсырмалар тізбесін бекіту;
- тапсырмаларды бағалау критерийлерін әзірлеу;
- Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау.

3.4 Байқау басталғанға дейін ұйымдастырушылар Алматы облысының білім басқармасына, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗУ сайтына және әлеуметтік желілер арқылы Қ.И.Сәтбаев атындағы жалпы білім беру мекемелеріне (лицейлерге, гимназияларға, мектептерге) Байқау туралы ақпараттық хабарды таратуды жүргізеді. Брифинг финал алдында іріктелген қатысушылар үшін сол жерде өткізіледі, оларға Байқауды өткізу шарттары мен талаптары, қойылған балдармен келіспеу туралы апелляция беру тәртібі, Байқаудан шығару жағдайлары, сондай-ақ нәтижелермен танысу уақыты мен орны туралы хабарланады.

3.5 Байқауды өткізу кезінде қатысушылар Байқауды өткізу бойынша шарттар мен талаптарды сақтайды және Байқауды ұйымдастырушының нұсқауларын орындайды.

4 Тапсырмалардың мазмұны және қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1 Байқау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1-кезең онлайн;
- 2-кезең онлайн, Университет қабырғасында оффлайн.

4.2 Бірінші кезең (онлайн, үздік эсселер мен видео эсселерді іріктеу).

4.3 Екінші тур (оффлайн, үздік авторларды шақыру және танымдық ойындар ұйымдастыру. Ойында Қ.И.Сәтбаевқа байланысты викториналық сұрақ-жауаптар болады).

5 Қорытындылау және марапаттау

5.1 Байқау жеңімпаздары финал нәтижелері бойынша күндізгі кезеңге қатысушылар арасынан анықталады.

5.2 1-ші, 2-ші және 3-дәрежелі дипломдармен марапатталған Байқауға қатысушылар Байқау жеңімпаздары болып саналады. Бас жүлдені иеленген қатысушы бакалавриатта Университет грантын шәкірт ақысыз алады. Екінші және үшінші орын иегерлері Байқаудың демеушілері анықтайтын бағалы

Е 029.М.04-08.01-2024	«Сан кырлы Сәтбаев» жалпы республикалық Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп оқушылары арасындағы байқау	7 беттің 6-беті
-----------------------	---	-----------------

сыйлықтар алады.

5.3 3-кезеңнің барлық басқа қатысушылары, сондай-ақ ілеспе педагогтар қатысушылардың сертификаттарымен марапатталады.

6 Қорытынды ережелер

6.1 Осы ереже Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

6.2. Байқау финалының форматы, сондай-ақ кезеңдерінің түрлері Байқаудың тіршілік әрекеті барысында, сондай-ақ қатысушылардың дайындық дәрежесіне байланысты өзгеруі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

Өзгерістерді тіркеу парағы _____

құжатты белгілеу

Өзгеріс-тердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні және нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы